



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ - ЕЛБАСЫНЫҢ ҚОРЫ

«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ – 2017»

студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2017»

PROCEEDINGS

of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2017»



14th April 2017, Astana



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Ғылым және білім - 2017»
студенттер мен жас ғалымдардың
XII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2017»**

**PROCEEDINGS
of the XII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2017»**

2017 жыл 14 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2017» студенттер мен жас ғалымдардың XII Халықаралық ғылыми конференциясы = The XII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2017» = XII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2017». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2017. – 7466 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-827-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-827-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2017

2. Оболенская Ю.Л. Художественный перевод и межкультурная коммуникация. М., 2006, 5-бет.
3. Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. М., 1979, 334-335 беттер.
4. Фасмер М. Этимологический словарь русского языка. В четырех томах. СП. “Азбука”, 1996. Т. IV, 72-бет.
5. Кәкішев Т. Қазақ әдебиеті сынының тарихы. А., 1994, 31-бет.
6. 6 Алексеева И. Введение в переводоведение. М.-С-П., 2006
7. Нұртазин Т. Абай және орыстың классикалық әдебиеті //Кітапта: Абай тағылымы. – Алматы: Жазушы,1986
8. Кенжебаев Б. Әдебиет белестері. А., 1986, 212-бет.
9. Абдрахманов С.Төлтума мен телтума. - Астана : Елорда, 2007. - 464с.
10. Қасқабасов С., Әзібаева Б. Бабалар сөзі. 1 том. Астана,2004.

ӨОЖ 398.5=811.512

ШУМЕР-ТҮРКІ ДҮНИЕТАНЫМДАРЫНЫҢ ДІН САНАТЫНДАҒЫ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ

Зейн Зейнара Зейновна

zeynarazeyn@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Халықаралық қатынастар факультеті

Түркітану кафедрасының 5В021200- «Түркітану»

мамандығының 2-курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – А.Б. Шалдарбекова

Тарих сахнасынан көрінген ежелгі тайпалар мен бірлестіктер - өмір атты теңізде уақыт ағысымен жүзіп, болашақ ұрпаққа өмірлік сабақ пен сарқылмайтын рухани байлықты жеткізетін, өткен мен бүгінгіні байланыстыратын алтын көпірі іспетті. Кез-келген халықтың тарихы алдымен, оның дүниетанымынан бастау алады. Дүние жаратылысынан бері бірінің орнын бірі басқан тайпалардың дүниетанымдық көзқарастары да, өмір сүру салты да, ой санасы да бір негізде өрбиді. Ғалымдардың қыл қалам туындысына, зерттеу нысанына айналған тайпалардың шығу тегі мен дүниетанымы туралы тозбайтын тақырыбы бүгінгі таңда өз маңызын жоймақ емес. Сондай тақырыптардың бір негізі ретінде шумер және түркі халықтарының дүниетанымдарын діни тұрғыда қарастыру зерттеу жұмысының басты **нысаны** болмақ.

Қос өзен аралығын мекен еткен алғашқы өркениеттің үлгісін жасаушы шумерлер мен Еуразия құрлығында қағандық еткен түркілердің арасындағы уақыт алшақтығына назар салмай, екі халықтың дүниетанымдарын салыстырудан біртектілікті аңғару қиынға соқпайды. Зерттеу жұмысының негізгі **мақсаты** да осында жатыр, екі халықтың дүниетанымдарын салыстыру арқылы дін санатындағы ұқсас белгілерін табу және әлемдік діндермен параллельді ортақтығын анықтау. Себебі, шумерлердің Месопотамия ойпатынан Алдыңғы Азияға қоныс аударуы мүмкін деген болжамының болуы, екі халықтың мәдени байланысын аңғартады. Демек, түркілер әр түрлі этнонимді алып жүрген, 20-30 мың жыл бұрын өмір сүрген ежелгі халық болып табылады. Шумерлер мен түркілердің әлемнің, адамның жаратылысы, адамзаттың наным – сенімі, өмір мен өлімнің алмасуы, өмірдің заңдылықтары мен оның құрылымы туралы жалпы айтқанда, олардың дүниетанымдарының қазіргі таңға дейін рухани құндылықтарды дәріптеудегі орны **өзекті** болып табылады. Бұл мәселені **зерттеуде** А.Бахтидің «Шумеры, скифы, казахи», С.Крамердің «История начинается в шумере», А.Аманжоловтың «История и теория древнетюркского письма», А.Бисекбаевтың «Көне түркі мифтері», О.Сүлейменовтың «Аз и Я», К.Лайпановтың «Тюркский мир: истоки и связи» кітаптары негізге алынды. Аталған авторлардың еңбектері салыстырмалы әдіс арқылы жан-жақты сараланып, Інжіл мен Құран Кәрім секілді

қасиетті діни кітаптардағы сюжеттермен қатар қарастырылды.

Тигр мен Евфрат өзендерінің төменгі ағысы ағып жатқан жерді грек сөзімен Месопотамия (өзендердің аралығы) деп атайды. Осы өңірде б.з.д. IV-III мыңжылдықта шумер халқы қоныс тепкен болатын. Шумерлер туралы түпнұсқалы деректер өздері жазып қалдырған қыш тақтайларда сақталған. Алайда, ондай жазба материалының жанғыш екендігін еске алатын болсақ, деректердің басым көпшілігі жойылып кеткен-ді. Шумеролог ғалымдардың зерттеуіне қарағанда шумерлердің ескерткіштерінде діни әдебиеттің басымдылығы байқалады.

Шумер дәуіріндегі ойшылдар мен ұстаздардың дүниенің жаратылысы туралы жүйелі көзқарастары негізді болатын, сол себепті Таяу Шығыс елдерінің басым көпшілігі шумерліктердің дүниетанымын қабыл ала білді. Әлемнің алғашқы бастамасы мен жаратылысы туралы танымдық көзқарастарына не нәрсе негіз болды? Шумерліктер қандай ғылыми деректерге ие еді? Әлемнің алғашқы бастамасы ретінде «мұхит» дүниенің жаратылысына негіз болды. Осы алғашқы мұхиттан бір бірінен қозғалыстағы ауа арқылы бөлініп жатқан аспан мен жазық жер, ал атмосферадан жарқырайтын аспан денелері, яғни, күн, ай, ғаламшарлар мен жұлдыздар қалыптасты. Осы жаратылыстан кейін, тірі ағзалар, өсімдік, жануар және адам пайда болды.

Шумер дүниетанымында әлем құрылысы жер мен аспан элементтерінен тұрады. Бұл шумерлердің тілінде «ан-ки» деп, яғни, «аспан-жер» деген атаумен аталады. Жер мен аспанның құрылысын өз танымдарында шумерлер былай түсіндіретін: жер-жалпақ диск, ал аспан-қатты негізге сүйенетін бос кеңістік. Сондай ақ, аспан мен жердің ортасында «лиль» деп аталатын үшінші элемент бар. Бұл сөздің шамамен мағынасы «жел» деп аударылады. Демек, қазіргі ғылыми түсінікпен түсіндірер болсақ, аспан - ғарыш, кеңістік; жел - ауа қабаты, атмосфера және жер - ғаламшар ретінде қарастырылады.

Көне жазба деректеріне сүйенер болсақ, шумер дүниетанымында адамзаттан ұлық әрі жоғары тұратын антропоморфты, мәңгі өмір сүретін киелі күштердің болғаны анық. Осы ретте антропоморфты құдайлардың барына не себепті сенгендігі туралы шумердің ойын былайша түсіндіруге болады: біріншіден, шумерлердің ешбіреуі құдайларды көрген емес, қазіргі адамзат та Жаратушының бейнесін көрген жоқ; екіншіден, олар мемлекет пен қалаларды, ғибадатханалар мен сарайларды тұрғызып, қоғамның барлық өндірістік саласы мен қоғамдық қатынастарын реттеп, басқаратын иесі ретінде адамды тануы орынды құбылыс. Сол себепті, құдай танымы туралы түсініктің бұлыңғыр болуы шумер заманында ғана емес, қазіргі таңда да талас тудыруға келмейтін, адамзат санасынан тыс түсінік болып табылады. Дегенмен, антропоморфты тіршілік иесінің өз атауын барына сенген шумерлер «Дингир» деген атаумен, аудармадағы «құдай», «құдайлық» сөздерімен атаған.

Көне өркениеттің ошағынан әлдеқайда қашықта өмір сүрген түркілердің шумер дүниетанымымен өзара ұқсастықтары жоқ емес. А.К.Бисенбаевтың еңбегінде келтірілгендей, әлемнің жаратылысын түркілер түнек пен былықтан, басқаша айтқанда, хаостан бастайды. Түркілердің дүниетанымында ғалам жаралғанға дейін жер бетін тегіс мұхит басып, шет шегін білмей шайып жатты. Демек, дүниенің алғашқы бастамасы мұхит. Әлдеқайдан Ұмай құс ұшып келіп, төрткіл дүниені шарлап, құрғақ жер таба алмай, әуеде жұмыртқа салуға талпынады. Алайда, салған жұмыртқасының мұхит түбінде жұтылғанын көрген Ұмай құс, құрғақ жердің жаратылу қажеттілігін түсініп, мұхит түбіндегі тұмсығына түйрелген топырақтан құрлықты жаратты, осылайша жер пайда болды. Ал Ұмай құстың салған жұмыртқасынан әлемнің жаратушысы - Тәңір дүниеге келді.

Түркілердің Көк Тәңірі былықтан өзінің інісін Ерлікті жаратты. Екі ағайынды жігіт мұхит түбінен су бетіне балшық тасып, құрлықтың аймағын кеңейтті. Інісінің мінезі өзгермелі болатын, жан - жаққа тас лақтырып, тас іздерінен шұңқырлар мен сайлар қалыптасып, кейіннен жартас пен таулар түзілді. Тәңір өзі жасаған дүниесінің су түбіне батып кетпеуі үшін жанталасып, құрлықты астыңғы ерні жер тіреп, үстіңгі ерні көк тірейтіндей үш балықтың арқасына орнатады, ал өзі сол балықтар арқылы әлемді басқарады. Түркі дүниетанымында өмір мәңгі емес - ті, ақыр заманның туатынын

мойындаған түркілер уақыты келгенде аспан жерді жаншып, жаңбыр жауып, күн жер бетін күйдіріп, жер сілкініп, былық қайта басталады деп сенетін. Осы сәтте мұхит жер бетін басып, ақырзаманның аяқталуы жүзеге асады.

Түркілердің танымында Тәңір үш әлемді жаратты: жоғарғы әлем - көктен тұрады, құдайлардың мекені; ортаңғы әлем - жерді қамтиды, адамдардың мекені, төменгі әлем жер асты - жын шайтандар мен қатыгез пәлекеттердің мекенінен тұрады.

Шумерлердің дүниетанымында жүзден аса құдайлар болған. А.Бахти өз еңбегінде сол құдайлардың шумерлердің дүниетанымында алмасып, атауларын ғана өзгертіп отырғандығын, бірақ діни түсініктің мазмұны, яғни, құдайлардың күші ауыспай, тұрақты қалғанын атап өтеді. Демек, сан түрлі құдай болса да, атқарған «міндеті» бір болатын. Шумерлер үшін аспан құдайы - Ану Дингир немесе Ан, ауа немесе жел құдайы - Энлиль, су құдайы - Энки және құдай ана -Нинхурсаг аса маңызды құдайлар ретінде саналатын. А.Бахтидің құдайлардың алмасуы туралы тұжырымын растайтын дәлел С.Н.Крамердің еңбегіндегі Ану Дингридің б.з.д. 2500 мыңжылдығына дейін басты құдай болып, кейін бұл рольге Энлильдің келгені айтылады.

Энлиль құдайына арналған жырда оның зұлымдықпен күресуші, жақсылықты жақтаушы басты құдай болғанын айтады. Оның ғибадатханасы Экур деп аталатын таудың шыңында орналасқан. О.Сүлейеновтың еңбегінде шумер және түркі тілдерінің салыстырмасында «кур» сөзін «тау» деп, яғни, «қыр» мағынасында аударарды.

Шумерлер үшін маңызды үшінші құдай Энки болатын. Энки туралы жырда ол өзін Аның үлкен ұлы, Энлильмен бірге адамзат тағдырына жауап беруші дана құдай ретінде мадақтайды. Айта кететін қызық жайт, құдайларға арналған ғибадатханалардың қабырғаларының бірінде Энкидің балықпен бірге салынған суреттерінен жоғарыда айтылған түркілік Тәңірдің әлемді тіреп ұстауда балықты басқарғанымен сәйкестікті көруге болады. Аталған үш шумер құдайларының жалпы алғанда түркі танымындағы Тәңірдің прототиптері екендігін байқаймыз.

Әлемді жаратудағы Құдай ананың орны туралы сөз еткенде шумерліктердің «Энки және Нинхурсаг» туралы мифі бойынша Нинхурсаг шумерліктердің дүниетанымында құдай ана ретінде әрі жердегі алғашқы тіршіліктің өніп өсуіне әсер еткен құдай ретінде қарастырылады. Оның өсірген өсімдіктеріне қызығып, Энки оларды жеп қояды. Ашуға булыққан Нинхурсаг құдай әлемін тастап, Энкиге қарғыс жібереді. Ауруының емін таба алмаған Энки түлкінің көмегімен Нинхурсагты шақыртып, ауруынан айығады.

Шумерлердің дүниетанымында төменгі жер асты әлемінің де өз билеуші құдайы бар. Ол - өлім мен түнектің құдайы, өзінің әпкесі аспан билеуші құдайының бірі Инаннаның жауы Эрешигаль еді. Инанна жер асты патшалығына түсіп, ондағы әлемге де әмірлік етпек болады. Алайда, үш күннің ішінде жер асты тозағынан босап шықпайтын болса, сондай - ақ, оны құтқаруға құдайлар келіспесе, онда Инаннаның жер үсті әлеміне келуі мүмкін емес-ті, оның өмірі өлімге байланатын. Инаннаның уәзірі - Ниншубур барлық құдайлардан көмек сұрап, ақыры үміті үзілген соң, данышпан құдай Энкидің көмегіне жүгінеді. Энкидің берген суы мен тамағымен Инаннаның денесін сылағаннан соң, ол қайта тіріледі.

Шумерлердің жер асты патшалығы қорқыныш пен үрейге, түнекке толы болса да, өлген адамның жаны оңынан шешілген соттың үкіміне сәйкес тыныштықта болатын. Өзінің қалаған ісімен айналысып, бақытты ғұмыр кешетін мүмкіндікке ие болған.

Түркілердің дүниетанымында әлем - сан түрлі, шексіз. Оның жалғыз билеушісі ол - Тәңір. Скифтердегі Таргытай көне түркілерде Тарги, Таргри, Тенгри, Тангри деп аталып қазіргі Тәңір ұғымына сәйкестендірілген. Бұл шумерлерде Дангри құдайы болатын. Тәңір адамзаттың тағдырын белгілеуші, өмір сүру ұзақтығын анықтаушы, жарылқаушы, әділ билеушісі болып табылады. Адамның өмірі мен бақыты түркілердің ұғымында құт деп аталады, бұл өз кезегінде Тәңірдің берген сыйы іспетті. Өлген соң құтты қайтып алатын Тәңір құттың адам игілігіне қызмет етуін қамтамасыз етеді. Тәңірдің белгісі - Күн, сол себепті түркілердің танымында есік шығысқа қарай беттелетін.

Түркілердің басты құрметтейтін жаратушы анасы - Ұмай ана аққу құсы бейнесінде

әлемді жаратуға өз үлесін тигізген. Ұмай ана - Тәңірдің зайыбы еді. Дүниеге келу, некеге тұру секілді қызметтерге жауап беретін де осы жарылқаушы ана. Ұмай ана туралы Тоныкөк жазба ескерткішінде Тәңір, Ұмай ана мен қасиетті Жер-Судың жеңісті сыйға тартқандығы баяндалады. Балалар мен аналардың қамқоршысы ретінде танылған Ұмай ананың қолынан түспейтін көзесіндегі сүт ішінде балалардың рухы бар, науқастанған сәбилерге сүт ішкізіп емдейтін. Сонымен қатар, үш жапырақты бұтақша құнарлылық, көп балалы болуға бастайтын, сәттілікті білдіретін символ да Ұмай ананың белгілерінің бірінен. Балбал тастардағы әйел бейнелі мүсіндердің қолынан көзелерді байқауға болады, бұл сол кездегі наным-сенімнің бір элементі ретінде қарастырылады.

Қасиетті Жер-Су түркілердің дүниетанымында түркілерді желеп жебеуші ретінде Тәңір және Ұмай анамен қатар қарастырылады. Ортаңғы әлемдегі барлық табиғи күштерге, жан-жануарларға, иелік етеді. Жер Суға және оған бағынатын 17 түрлі құдайға арнап түркілер өзен жағалауы мен төбелерге барып құрбандық шалатын. Шумерлердің Экур деп аталатын құдайлар мекен ететін тауы секілді түркілерде бұл тау Ыдық баш деп аталатын. Көне түркі тілінде ыдық «киелі», «қасиетті» деген мағынаға сай келеді. Ыдық баш түркілердің тарихи отаны әрі жердің кіндігі Өтікенде орналасқан. Түркілердің танымында осы жерде түркілердің ата - бабасын дүниеге әкелген бөрінің рухы бар деп сенетін.

Төменгі әлемді билейтін отты құдай Ерліктің де түркілердің танымында өз орны бар еді. Оған Тәңір аса таяғының астына қанша жер сияр болса, соншасын бермек болады. Ерлік ұстахана, балға және төс ойлап табады. Төсті балғамен ұрған сәтінде жын перілер жер бетіне шығып, иесіз қалған үйдегі балалардың рухын ұрлап өз әлеміне түсіретін. Ерліктің әлеміне кіретін қақпа батыс беткейге негізделген болатын. Оның ең үлкен сыйы өлім. Алғашқы уақытта адамдар мен жануарлардың жаны ажалсыз еді, бұл жер бетінде азап тудырды. Азаптан құтылудың амалын қарастырған қара қарға Ерліктен ажалды таратуды өтінеді. Ерлік бұл ұсынысын қабыл алып ажалдың рухын босатады. Осылайша жер бетіне өлім келді.

Адамның тіршілікте жасаған барлық іс әрекеттері екі дүниетанымда да құдайдың құзырымен сараланып, не жұмақта, не тозақта өмірін жалғастыратынын байқатады. Шумерлердің де, түркілердің де дүниетанымында жұмақ пен тозақ туралы түсінік қалыптасқан. Құран Кәрімнің Уақи'а сүресіндегі 31-32 аяттарындағы жұмақтың мекенінде «Сарқырап аққан су бар. Мол жеміс бар.» Шумерлік Дильмун қаласы да, түркілік Арұұн сүдін де жұмақтың орналасқан орындары еді. Ал сол жұмақтағы сюжет, яғни, Мұндышайды мен Энкидің күнәға батуы Құран Кәрімнің Бақара сүресіндегі «Және де: «Әй Адам! Сен де жұбайың да жәннәтте тұрындар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де, мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласындар» деген едік» деген 35 аятындағы сөздермен сәйкес келеді. Бұл Інжіл кітабында да сипатталған: «И заповедал Господь Бог человеку, говоря: от всякого дерева в саду ты будешь есть, а от дерева познания добра и зла не ешь от него, ибо в день, в который ты вкусишь от него, смертью умрешь.» (Книга Бытие 2:10-17). Ал, төменгі әлем сәйкесінше тозақпен сипатталатын. Бұл туралы екі дүниетанымда да нақты айтылмайды. Дегенмен, күн сәулесі түспейін, қараңғылық жер діни кітаптарда отты, қайнаған булы, қара түнекті тозақтың түсінігіне сәйкес келеді.

Шумерлер мен түркілердің өмір сүрген дәуірлерінде алшақтық болса да, екі халықтың дүниетанымы өзара ұқсас келеді. Бұл екі халықтың танымындағы адам баласының қайта жаратылуынан да аңғарылады. Шумерлік аңыздардағы Инанна құдайының қайта тірілуі, мен өлген адамдардың рухтарының Ерліктің әлеміне түсіп, тіршілігін жалғастыратыны Құран Кәрімдегі Әнбия сүресінің 35 – аятымен сәйкестенеді: «Әркім өлімді татады. Сендерді сынап; жаман-жақсы күйге саламыз. Сондай-ақ бізге қайтарыласындар».

Адамның жаратылысын балшықпен, сазбен байланыстырған екі танымда да діни сипат бар. «Расында адамды бейнеленген қара балшықтың сыңғырлап құрғағанынан жараттық. (Мұхаммед Ғ.С.) сол уақытта Раббың періштелерге: “Бейнеленген қара балшықтың кеуіп, сыңғырлағанынан Адам жаратамын” деді. Оның жаратылысын

тамамдап, оған рухымнан үрлеген (жан салған) сәтте, оған сәжде қылындар!» Хижр сүресінің 26-28 аяттарындағы үзіндіден әуел баста адамның мүсінің жасалғандығы, кейіннен жан үрленгендігі анықталады. Осы ретте адамзатқа сәжде қылудан бас тартқан Ібіліс адамзатты тура жолдан тайдыру үшін бар әрекетті жасап бағады. Бұл шумерлердегі Энкидің қызығушылығының кесірінен болған азғындалуы мен түркілердегі Ерліктің Үйінағашын жаратып, алдауы діни кітаптардағы Ібілістің бейнесіне сәйкес келеді. Алайда, түркілердегі Ерлікті Ібіліспен толық байланыстыруға келмес, себебі жер асты әлемінде адам баласының жер бетінде жасаған әрекеттеріне қарай жақсы көзқарас танытуы оны бұл образдан алшақтатады.

Әлем жаратылғанда әр нәрсе жұп жұбымен жаратылды. Ең қызығы, ер адамның серігі ретінде оның қабырғасынан жаратылған әйел ертедегі шумерлерде де, діни кітаптарда да үндесіп жатыр. Інжілдегі үзіндіде ол былайшы ашылады: «И навел Господь Бог на человека крепкий сон; и, когда он уснул, взял одно из ребр его, и закрыл то место плотию. И создал Господь Бог из ребра, взятого у человека, жену, и привел ее к человеку. И сказал человек: вот, это кость от костей моих и плоть от плоти моей; она будет называться женою, ибо взята от мужа. Потому оставит человек отца своего и мать свою и прилепится к жене своей; и будут одна плоть» (Книга Бытие 2:21-24). Нисса сүресіндегі Хауа ананың Адам атаның қабырғасынан жаратылуы да бір негізді болып табылады.

Дүниетаным арқылы халықты тануға болады. Бұл зерттеу жұмысында шумерлер мен түркілердің дүниетанымдары діни тұрғыдан толық ашыла білді. Себебі, екі халықтың әлемнің жаратылысы, оның құрылымдық элементтері, адамзаттың дүниеге келуі мен басқаратын күш иелері туралы аңыздар, жырлар, жазба ескерткіштері мен ғылыми еңбектер негізгі дереккөзге айналды. Екі халықтың дүниетанымын салыстыру арқылы түркілердің шумерліктердің жалғасы болуы мүмкін деген байламға келеміз. Осыншалықты сәйкестіктердің барлығын кездейсоқтық деп қарастыру мүмкін емес. Шумерлердің де, түркілердің де өмір сүрген дәуірінде дін туралы түсінік толық қалыптаспаған ды. Бұл кезеңдерде философиялық ойлар мен теологиялық, яғни, құдайтану ілімдері ғана болып, дүниетанымға әсер ете білді. Алайда, сол дүниетанымдардың діни кітаптармен салыстырмасында ұқсастықтардың болуы, параллельділіктің ізін көре білуіміз ғажап нәрсе.

Қазіргі таңдағы қазақ қоғамы осы дүниетаным негізінде өмір сүруде. Көпқұдайлықтың болуы Ислам діні үшін де, Христиан діні үшін де жат нәрсе болып табылады. Алайда, түркілер мен шумерлердің басты жалғыз құдайы болды. Ал қалған бағыныштыларын құдай емес, иесі, рухы ретінде қарастырған жөн. Бүгінгі таңда да су атасы Сүлеймен, төрт түліктің өз иелері, отқа сыйыну, оның кесіне сену секілі рухтардың бары белгілі. Отпен аластау, күн батарда сергек жүру, түнде далаға шықпау, дұға тілегенде көкке қол жаю, ата баба аруағына арнап Құран оқыту, құрбандық шалу деген түсініктер біздің санамызға әбден сіңген дүниелер. Ал оның түпкі бастауы сол шумерліктер мен түркілердің дүниетанымынан шығады. Егер олардың дүниетанымы соншалықты нақтылық пен құндылыққа толы болмаған болса, қазіргі күні біз рухани құндылықтарды осылайша дәріптер ме едік? Жоқ. Демек, қорытындылай келе, дүниетанымның адам өмірін белгілі бір реттілік пен тәртіпке келтіретін жүйе болып табылатындығы байқалады. Шумерлердің де, түркілердің де танымында тәрбиелік мән бар, өмірдің бір ақ рет берілетіндігін және оны дұрыс өткізу қажеттілігін түсіндіруге ұмтылған екі халық та бүтін бір тарихты жасағаны анық. Демек, бүгінгі күн – ертеңгі тарих. Сол тарихты жасаушы да, өзгертуші де, жеткізуші де мына – біз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Аманжолов А. История и теория древнетюркского письма. // Алматы: «Мектеп»; 2003. – 365 б.
2. Бахти А. Шумеры, скифы, казахи. // Алматы: «Кочевники»; 2004. – 216 б.
3. Библия кітабы
4. Бисекбаев А. Көне түркі мифтері. // Алматы: «Ан-Арыс»; 2008. – 120 б.

5. Крамер С. История начинается в шуме. //Москва: "Наука"; 1965. 256 б.
6. Құран Кәрім кітабы
7. Лайпанов К. Тюркский мир: истоки и связи . // Черкесск: 2007. 16 с.
8. Сүлейменов А. Аз и Я. //Алматы: «Жазушы»; 1992. -359б.

УДК 811.512.1

СОПОСТОВИТЕЛЬНЫЙ АНАЛИЗ ПЕРЕВОДОВ ДРЕВНИХ РУНИЧЕСКИХ ПАМЯТНИКОВ В АНГЛИЙСКОМ, РУССКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ

Идрисова Галия Аскарровна

Galiya__96@mail.ru

Студент 3 курса специальности «Тюркология»

Факультета международных отношений

Евразийский Национальный университет, им.Л.Н.Гумилева

г. Астана, Казахстан

Научный руководитель – Шаймерденова Н.Г.

***«...Культурный вес, цена этих каменных памятников дороже любого
золота, любой драгоценности, они бесценны... Наш долг сохранить эти каменные
книги, они принадлежат всему человечеству, не только тюркам. Это наша родна
история и в то же время - общечеловеческое достояние»
Олжас Сулейменов***

Эта работа посвящена редкой теме-проблеме перевода на русский, казахский и английские языки древнетюркских письменных памятников, являющихся культурным достоянием современных тюркских народов, в т.ч. казахского народа. Работа написана достаточно на актуальную тему, поскольку несмотря на определенную изученность рунических памятников и наличие достаточного количества переводов, до сих пор имеются «белые переводческие пятна» и лакуны в содержании и в языке указанных текстов.

Текст – это сложнейший феномен, отражающий явления языковой и неязыковой действительности, «выполняющий самые разнообразные функции: это и средство коммуникации, и способ хранения и передачи информации, и отражение психической жизни индивида, и продукт определённой исторической эпохи, и форма существования культуры, и отражение определенных социокультурных традиций и т.д.» [1:12].

Оригинальным текстом древнетюркских памятников является – руника. Когда в 1891 г.Н.Ядринцев обнаружил памятники Кюль-тегин, Бильге-кагана в бассейне реки Орхон в Монголии, то надписи на стелах представляли неизвестные геометрические начертания, рунические знаки принадлежали к редко встречающей графике, и их распространение не было привычно повсеместным, поэтому для тех, кто первоначально встречался с ними, это были лишь единообразные повторяющиеся знаки-символы, требующие нахождения ключа. Известно, что датский ученый Вильгельм Томсен нашёл такой ключ, возможно потому, что в скандинавских странах до этого времени, учёные уже знали технологию чтения рун. Сам процесс дешифровки был сложным и трудным, поскольку сложно было выделить корпус гласных звуков, которые не были прописаны, зато наблюдалось обилие знаков, обозначающих согласные звуки. А.Н. Самойлович пишет: «Уже летом 1893 года Томсен правильно определил значение трёх согласных в слове» «qagan", часто встречающееся в Орхоно-Енисейских надписях, но его смущал знак для звука q, ибо он встречался и в начале слова, что противоречило системе согласных звуков большинства турецких языков, не допускавших звонких согласных в начале слова. В. Томсен уже начал сомневаться в принадлежности надписей к турецким языкам и временно прекратил дешифровку, но через несколько месяцев 25 ноября 1893 года ему удалось прочесть слова *täŋri, k'ül-tegin, kök,*